



**«І.ЖАНСҰГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ  
УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**ЖӘНЕ**

**«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ ТІЛ БІЛІМІ  
ИНСТИТУТЫ» ШЖҚ РМК**

**АРАСЫНДАҒЫ**

**ӨЗАРА ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ**



«Илияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (Қазақстан Республикасы, Талдықорған қ.) атынан Жарғы негізінде әрекет ететін Басқарма төрағасы – Ректор, заң ғылымдарының докторы, профессор Бурибаев Ермек Абильтәевич және «А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты» ШЖҚ РМК атынан Жарғы негізінде әрекет ететін бас директор, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент) Фазылжан Анар Мұратқызы, бұдан әрі «Тараптар» деп аталатындар төмендегілер туралы осы Өзара ынтымақтастық туралы келісімді (бұдан әрі – Келісім) жасасты:

## **1. КЕЛІСІМ МӘНІ**

1.1. Кадр даярлау тәжірибесі және маман даярлаудың жаңа технологиялары туралы ақпарат алмасу, ғылым, мәдениет және білім беру саласында бірлескен жұмыстар жүргізу үшін білім алушылармен, оқытушылармен және ғылыми кадр алмасуды жүзеге асыру мақсатында Тараптар арасындағы ынтымақтастықты ұйымдастыру және нығайту.

1.2 Осы Келісім Тараптардың құрылымдық бөлімдері арасында жасалатын жекелеген келісімдер, бағдарламалар мен бірлескен жобалардың құқықтық және ұйымдастырушылық негізін қалыптастырады, сондай-ақ олардың жоспарлануы, келісілуі және іске асырылуын үйлестірудің жалпы қағидаттарын айқындайды.

## **2. ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ САЛАЛАРЫ**

Тараптардың бірлескен қызметі төмендегідей болады:

2.1 Ғылыми жұмыс жазатын білім алушылардың (магистранттардың және PhD докторанттардың) және профессор-оқытушылар құрамының ғылыми тағылымдамадан өту мүмкіндігін қамтамасыз ету;

2.2 Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде консультациялық көмек көрсету;

2.3 Өзекті тақырыптар бойынша бірлескен ғылыми-инновациялық зерттеулерді ұйымдастыру, университеттер арасындағы байланыстарды дамыту және қолдау;

2.4 Түрлі деңгейдегі бірлескен конференциялар, симпозиумдар, семинарлар ұйымдастыру, жарияланымдармен және басқа да ғылыми материал алмасу, сондай-ақ басқа да өткізілетін ғылыми іс-шаралар туралы бір-бірін хабардар ету;

2.5 Қызметкерлерге ғылыми зерттеулер жүргізу үшін кітапханаларды пайдалануға мүмкіндік беру.

2.6 Тараптар ғылыми қызметкерлерінің қатысуымен бірлескен гранттық қаржыландыру жобаларын әзірлеу, конкурстарға ұсыну және оларды іске асыру бағытында ынтымақтастықты жүзеге асыру.

## **3. ӨЗГЕ ШАРТТАР**

3.1. Осы Келісім Тараптардың бірінің бастамасы бойынша ұсынылуы мүмкін ынтымақтастықтың басқа да нысандарын қамтуы мүмкін;

3.2. Екі Тарап осы Келісімнің тармақтарына енгізілмеген ынтымақтастықтың басқа да жолдарын қолдайды, олар бойынша шешім Тараптардың әрқайсысының жеке тәртібімен қабылданады;

3.3. Осы Келісімге барлық өзгерістер мен толықтырулар жазбаша нысанда орындалса және оған екі университеттің уәкілетті тұлғалары қол қойса және түпнұсқада ұсынылған жағдайда ғана жарамды болады;

3.4. Осы Келісім Тараптар арасында қандай да бір заңды немесе қаржылық қатынастар орнатпайды. Осы Келісімде Тараптар өзара тиімді ынтымақтастықты дамыту ниеті туралы мәлімдейді. Белгілі бір міндеттемелердің, оның ішінде қаржылық міндеттемелердің қажеттілігі туындаған кезде Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасы сақталған жағдайда Тараптардың әрқайсысының тиісті міндеттемелерінің егжей-тегжейін айқындайтын тиісті келісімдер/шарттар жасасады;

3.5. Тараптардың әрқайсысы осы Келісімнен туындайтын зияткерлік меншік құқықтарын олардың заңдарына, қағидалары мен ережелеріне сәйкес тиісті қорғауды қамтамасыз етуге міндеттенеді;

3.6. Осы Келісімге сәйкес алмасу жүргізілетін барлық ақпарат пен құжаттарды Тараптар құпия сақтайды және оларды Тараптардың әрқайсысы көрсеткен шарттарда пайдалануға болады. Тараптар ақпаратты басқа Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз көрсетілгеннен басқа мақсаттарда пайдалана алмайды.

#### 4. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

4.1. Осы Келісім бірдей заңды күші бар қазақ тілінде екі данада жасалды.

4.2. Осы Келісімнің шарттары мен тармақтарын түсіндіруге және/немесе қолдануға қатысты Тараптар арасындағы кез келген келіспеушіліктер немесе даулар үшінші тараптардың көмегінсіз Тараптар арасындағы өзара уағдаластықтармен және келіссөздер барысында реттелуге тиіс.

4.3. Осы Келісім оған қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді және бес жыл мерзімге жасалады. Келісім мерзімі аяқталған соң екі тараптан оны бұзу туралы хабарлама келмеген жағдайда осы Келісім тағы бес жылға созылады.

4.4. Тараптардың кез келгені бұл туралы екінші Тарапты бір ай бұрын хабардар ете отырып, алдын ала жазбаша түрде осы Келісімді бұзуға құқылы.

#### 5. ТАРАПТАРДЫҢ ЗАҢДЫ МЕКЕНЖАЙЛАРЫ МЕН ҚОЛДАРЫ

«Лияс Жансүгіров атындағы  
Жетісу университеті» КЕ АҚ  
040009, Талдықорған қ.,  
Жансүгіров к-сі, 187А  
Қазақстан Республикасы  
[info@zhetysu.edu.kz](mailto:info@zhetysu.edu.kz)  
Басқарма Төрағасы – Ректор

«А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі  
институты» ШЖҚ РМК  
050010, Алматы қ.,  
Құрманғазы к-сі, 29  
Қазақстан Республикасы  
[info@tilbilimi.kz](mailto:info@tilbilimi.kz)  
Бас директор



Е. Бурибаев



А. Фазылжан

Күні: 2019 жылғы 2026 се.